КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 қаңтар №4712-24-00-2/5182 ісі Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
сот отырысының хатшысы А.А.Әбжатованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық іс қаралды:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Astana building energy company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Айыппұл өндіріп алу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Калпакбаев
Жауапкер өкілі Н.П.Алыбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Astana building energy company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында келесідей келісім-шарттар жасалған:

1) 2024 жылғы 4 қыркүйекте №030240000329/241038/00 келісім-шарты магистральды құбырларды жөндеу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу үшін жасақталған, Шарттың жалпы сомасы 256 556 484,80 теңгені құраған.

2) 2024 жылғы 6 қыркүйекте №030240000329/241039/00 келісім-шарты айналымдағы судың құбыр жүйесін күрделі жөндеу жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алу шін жасақталған, Шарттың жалпы сомасы 168 324 520 теңгені құраған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Келісім-шарт талаптарына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімі Жұмыстарды жүргізу кестесінде көрсетілген күннен бастап 60 күнтізбелік ішінде. Ал жұмыстарды жүргізу кестесін ұсыну орындаушының міндетіне кіреді. Жауапкермен Шартқа сәйкес міндеттемелер толық орындалмауына байланысты талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 42 488 100 теңге мөлшерінде айыппұл өндіріп алуды сұрап талап қою келтірген.

Сот отырысына талап қоюшы өкілі талапты қолдап, толықтай қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талапты мойындамай, қарсы пікірін ұсынып, онда жұмыстарды жүргізу кестесіне қол қойылмағандықтан, міндеттемелердің орындалуын анықтау мүмкін еместігін, күрделі жөндеу жұмыстарын орындау үшін құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама жіберілмегенін, жобалық-сметалық құжаттардың болмағаны және жауапкердің атына сотқа дейінгі талап жолданбағаны туралы уәждерін келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуын сұрады.

Сот тараптар өкілдерінің түсініктемелерін тыңдап, азаматтық іс құжаттарын зерттеп, төмендегідей қорытындыға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 ТАЛАП БОЙЫНША

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімі – бұл мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жеткізушілердің тізімі.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, тапсырыс беруші өздеріне әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Сот отырысында анықталғандай, Тараптар арасында 2024 жылғы 4 және 6 қыркүйекте «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

4712-24-3-6/583

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алу туралы» туралы Шарттар жасақталған. Шарттарға №1 қосымша бойынша, міндеттемелерді орындау мерзімі – жұмыстарды жүргізу кестесінде көрсетілген күннен бастап 60 күнтізбелік күн болып табылған. Шарттардың 13.8-тармағының талаптарына сәйкес, мердігер/орындаушы тапсырыс берушінің жұмыстарды бастау туралы хабарламасынан кейін 10 жұмыс күні ішінде тапсырыс берушімен келісілген және бекітілген жұмыстарды жүргізу кестесін ұсынуға міндетті болған.

Жұмыстардың басталғаны туралы хабарлама мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 2024 жылғы 9 қазанда жолданған. Хабарламада, жұмыстар 2024 жылғы 10 қазанда басталады деп көрсетілген. Демек, жауапкер жұмыстарды жүргізу кестесін 2024 жылғы 24 қазанға дейін ұсынуға міндетті болған. Алайда, бұл міндеттемелер жауапкер тарапынан орындалмағаны анықталды.

Осыған байланысты, Талап қоюшы 2024 жылғы 22 және 23 қазанда шарттарды біржақты бұзу туралы хабарламалар жолданған. Сонымен қатар, Жауапкердің мекен-жайына 2024 жылғы 29 қазанда сотқа дейінгі талап жіберілген. 2024 жылдың 21 қарашасында 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №030240000329/241038/00 келісім-шарты мемлекеттік сатып алу шарттары орындамағаны үшін бір жақты бұзылған. 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №030240000329/241039/00 келісім-шарты 22 қарашада мемлекеттік сатып алу шарттары орындамағаны үшін бір жақты бұзылған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272 және 277-баптарына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Осыған байланысты, Жауапкердің жұмыстарды жүргізу кестесінің жоқтығына және, тиісінше, жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзу болмағанына қатысты уәждері негізсіз болып табылады.

Екі шарт бойынша да міндеттемелердің бұзылу фактісі 2024 жылғы 24 қарашадан бастап анықталған.

2024 жылғы 4 қыркүйекте жасалған №030240000329/241038/00 шарт бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап осыдан алдын сотқа берілген, алайда талап қайтарылып алынған.

2024 жылғы 6 қыркүйекте жасалған №030240000329/241039/00 шарт бойынша талап сотқа 2024 жылғы 14 қарашада берілген, бұл жағдайда мерзім бұзылмаған.

Жауапкердің жоба-сметалық құжаттаманың және құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарламаның жоқтығына қатысты дәлелдері мына себептер бойынша негізсіз болып табылады:

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының «Құрылыс қызметі туралы» Заңының 1-бабының 31-тармағына сәйкес: «Құрылыс қызметі – бұл жаңа объектілерді салу және (немесе) бар объектілерді (ғимараттарды, құрылыстарды және олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, реставрациялау, күрделі жөндеу) арқылы негізгі өндірістік және өндірістік емес қорларды құруға, оларға байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждауға (демонтаждауға), құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіруге, сондай-ақ аяқталмаған объектілердің құрылысын консервациялау және ресурсынан айрылған объектілерді қайта өңдеуге бағытталған қызмет».

Қазақстан Республикасының «Құрылыс қызметі туралы» Заңының 1-бабының 32-тармағына сәйкес: «Құрылыс-монтаж жұмыстары – бұл құрылыс қызметі, оған мыналар кіреді: жер жұмыстары және топырақтағы арнайы жұмыстар; бар ғимараттар мен құрылыстарды бұзумен, уақытша инженерлік желілерді, жолдарды, қойма алаңдарын орнатумен, сондай-ақ аумақтың тік жоспарлануымен байланысты дайындық жұмыстары; ғимараттар мен құрылыстардың (оның ішінде көпірлердің, көлік эстакадаларының, тоннельдер мен метрополитендердің, жол өткелдерінің, құбырлардың және басқа да жасанды құрылыстардың) тірек және (немесе) қоршаушы конструкцияларын тұрғызу; желілік құрылыстарды төсеу бойынша арнайы құрылыс және монтаж жұмыстары; сыртқы инженерлік желілер мен құрылыстарды, сондай-ақ ішкі инженерлік жүйелерді орнату; конструкциялар мен жабдықтарды қорғау және әрлеу жұмыстары; автомобиль және теміржол жолдарын салу; технологиялық жабдықты монтаждау, оның ішінде оны жинау және тұрақты пайдалану орнына жобалық жағдайға орнату, жеке сынақтан өткізу және жүктеме кезінде сынау, сондай-ақ демонтаж».

Заңның аталған тармақтарынан келесіні түсінуге болады, яғни құрылыс қызметіне (жабдықтарға қатысты) тек жаңа және (немесе) бар объектілерді салу, өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, реставрациялау, күрделі жөндеу) барысында технологиялық жабдықтарды монтаждау және демонтаждау жұмыстары жатады, бірақ жабдықтың өзіне жөндеу жұмыстары жатпайды.

Осылайша, объектілердің технологиялық жабдықтарын жөндеу жұмыстары Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамамен реттелмейді. Сондықтан, құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама және жоба-сметалық құжаттама талап етілмейді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№2 ТАЛАП БОЙЫНША

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 13-тармағының талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шартта міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау үшін айыппұл (айып, өсімпұл) көзделуге тиіс. Айыппұлдың мөлшері Қазақстан Республикасының Азаматтық заңнамасына сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293 және 296-баптарына сәйкес, айыппұл (айып, өсімпұл) – бұл заңнамамен немесе шартпен белгіленген белгілі бір ақшалай сома, оны міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, оның ішінде орындау мерзімін өткізіп алған кезде, борышкер несие берушіге төлеуге міндетті. Айыппұлды төлеу талабы бойынша несие беруші өзіне залал келгенін дәлелдеуге міндетті емес. Айыппұлдың мөлшері нақты ақшалай сомада немесе орындалмаған не тиісінше орындалмаған міндеттеменің сомасына пайызбен анықталады.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың 8.11-тармағына сәйкес, Егер Мердігер/Орындаушы жұмыстарды орындау кестесінде және / немесе Шартта көрсетілген мерзімдерде не Тапсырыс беруші жұмыстарды орындауды бастау қажеттілігі туралы хабардар еткен сәттен бастап 10 күн ішінде жұмыстарды орындауға кіріспеген жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға және Мердігерден/Орындаушыдан айыппұлды шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде ұстап қалуға (өндіріп алуға) құқылы.

Шарттар бойынша жалпы соманың 10%-ы 42 488 100 теңгені құрайды (оның ішінде: 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №030240000329/241038/00 шарт бойынша – 25 655 648 теңге және 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №030240000329/241039/00 шарт бойынша – 16 832 452 теңге).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 24-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жеткізушінің қабылдаған міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы жағдайында тапсырыс беруші айыппұлды (айыпты, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Айыппұл (айып, өсімпұл) тиісті бюджеттің, мемлекеттік кәсіпорынның, жарғылық капиталының елу және одан да көп пайызының дауыс беруші акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның немесе онымен байланысты заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

Жауапкердің айыппұлды өндіріп алу бойынша сотқа дейінгі талаптардың сақталмағаны туралы дәлелдері шындыққа сәйкес келмейді. Жауапкерге жолданған сотқа дейінгі талаптарда, егер жауапкер міндеттемелерін орындамаса, өндіріп алынатын айыппұл нақты көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚР-ның АПК-нің 6-бабының 5-тармағына сай, егер заңда немесе дауласушы тараптардың келісімінде тиісті мәселелерді соттың шешуі көзделсе, сот бұл мәселелерді әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарын негізге ала отырып шешуге міндетті.

Сондықтан, сот әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшем шарттарын негізге ала отырып, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 42 488 100 теңге мөлшеріндегі айыппұлды өндіріп алу туралы талап қанағаттандырылуға жатады деп табады.

ҚР-ның АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Astana building energy company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Astana building energy company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдасына 42 488 100 (қырық екі миллион төрт жүз сексен сегіз мың бір жүз) теңге айыппұл сомасы және 1 274 643 (бір миллион екі жүз жетпіс төрт мың алты жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер «Astana building energy company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 31.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.03.2025, судья Тленов А. Ш., 08.04.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

4712-24-3-6/583